4. Күн сайын ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар қоғамының өкілдері  мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналастырылсын.
5. Тамақтануды ұйымдастыру кезінде санитарлық ережелер мен нормаларға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтықактілеріне және әдістемелік ұсыныстарына сәйкес санитарлық эпидемиологиялық талаптары орындалуы жүзеге асырылсын.
6. Тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде білім беру интеграцияланған ақпараттық платформаға ине білім беру жүйесіне бақылау-кассалық құрылғылардан деректерді тіркеу және беру функциясы бар білім алушылардың асхана мектептеріне баруын есепке алу жүзеге асырылсын.
7. Асхандағы кезекшілік кестесіне білім қызметкерлері бекітілсін, оқушыларды кезекшілікке тартуға тыйым салынсын.
8. Тамақтанудың кестесін бекіту кезінде тамақтану уақытының ұзақтығын ескеріп, сабақ арасындағы қоңырау ұзақтығы 15 минутқа сәйкестендерілсін.
9. Буфеттің жылдамдатып қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бөлігі бойынша жұмысы ұйымдастырылсын (қызмет көрсету персоналының, кассир мен сатушылардың санын оқушылардың контингентіне байланысты қарастыру)
10. Сапалы тамақтандырудың ұйымдастырылуы бойынша ақпарат тоқсан сайын педагогикалық кеңесте қарастырылсын.
11. Интернет-ресурстарында «Мектептегі тамақтану» айдарында мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру ай сайынғы ақпарат (мәзір, бракераждық комиссия құрамы) жөнінде ақпарат берілсін.
12. Тамақтанудың сапалылығың есебі ата-аналар қоғамының алдында уақытылы берілсін.
13. Буфеттегі тамақтану бағасы (прейскурантта көрсетілген бағадан көтермеуін) бақылауға алсы.
14. Оқушылардың тамақтандыру жүйесі Білім беру ұйымдарына қойылатын Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес (газдалған сусындар, фастфуд, шоколадты балон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер, сағыз, т.б. алынып тасталсын) ұйымдастырылсын.
15. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

**Директордың м.а.** **Б.З.Барменова**